Поездка на ССГПО оставила у студентов - историков массу положительных эмоций, ребята были впечатлены экскурсией и благодарили своего преподавателя А. Шалгымбекова, что решил отвлечь их от скучных лекций, и познакомил их с легендарным месторождением. Сам А. Шалгымбеков признается, что ему самому больше нравятся практические занятия, ведь они очень важны в процессе обучения. Экскурсия на предприятие способствует расширению представлений обучающихся о профессии, а также выполняет воспитательную функцию, прививает уважение к тяжелому труду рабочих посредством знакомства с трудовыми традициями предприятия.

Бір шаңырақ аясында

**Гүлшар БАҚЫТЖАН,
ГӘФ Журналистика
мамандығының 2 курс
студенті**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауында: «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясаттың басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын», – деді. 24 қаңтар күні А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің конференция залында Елбасы жолдауын қолдау және талқылау мақсатында «Бір шаңырақ аясында» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге гуманитарлық-әлеуметтік және ақпараттық-технологиялар факультеттерінің 2-3-ші курс студенттері қатысты. Сондай-ақ философия ғылымдарының кандидаты, доцент Қалқаман Жакып жастар туралы, «Жастар жылының» маңызы жайында біраз ойлар мен бөтуалы пікір айтты. Жиында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Үкіметке тапсырған Жастар жылында жүзеге асуы тиіс 4 бағыты сараланды.

Кейінгі толқын үшін жасалып жатқан мүмкіндік аға буын өкілдерінің де көңілінен шығып жатыр. Бұл төрт бағытты көрсетіп өтер болсақ: Алғашқысы – жұмыс істейтін жастарды баспанамен қамту. Президент пәрменімен енді жылына кем дегенде 1 мың пәтер жастар үшін салынатын болды. Жалдамалы үйлер Астанада, Алматы мен Шымкентте бой көтермек. Баспана мәселесі шешілсе, білікті жастар жұмыс іздеп шарқ ұрмайды. Қалаған қалаға барып, қызмет қыла береді. Ол үшін жастарды жаппай еңбекпен қамту қажет. Елбасы біздің елде жұмыс көп, тек мамандар тапшы екенін айтты. Сондықтан күрмеуі көп осы мәселені дереу шешуді тапсырды. «Тығырықтан шығар жалғыз жол – жастарды кәсіпкерлікке баулу», – деді. Бұдан былай «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша берілетін грант саны тағы 2 есеге ұлғаяды. Жастар кәсіпкерліктің қырсырын меңгереді. Ол үшін бюджеттен 32 млрд теңге бөлінбек. Бұл – Үкіметке жүктелген екінші міндет. Табысты еңбек ету үшін сапалы білім алу қажет. Президент мұны да қаперге салды. Мемлекет басшысы 5 әлеуметтік бастама аясында білім гранттарының саны 20 мыңға көбейіп, жатақханалардағы орын саны 75 мыңға артатынын айтты. Одан бөлек, «әр өңірдегі жоғары оқу орындарының тым құрығанда біреуі Назарбаев университетімен иық тірестіре алатындай болуы керек», – деді. Техникалық мамандықтар да назардан тыс қалмауы тиіс. Жас ғалымдар да қашанғыдай қатардан қалмайды. Нұрсұлтан Назарбаев өнертапқыштардың өрісін кеңейтіп, ғылымға терең бойлағандарға қолдау көрсетуді тапсырды. Үкіметке жүктелген үшінші міндет те осы. Ол үшін ел қазынасынан жыл сайын 3 млрд теңге бөлінетін болады. Президенттің төртінші пәрмені – ерікті жастарға көңіл бөлу. «Қарттарға қарайласып, мүгедек жандарға қол ұшын созған олардың еңбегі ерен», – деді Елбасы. Президент қазақтар үшін үй болмағанын айтып, жетімдерді жәуентдетпеу керектігін алға тартты. Ол үшін жастарды мектеп кезінен тәрбиелеу қажет. Болашақ аналардың да, әкелердің де жауапкершілігін кейінгі буынға ұғындырумыз тиіс. Сол кезде ғана шаңырақ шайқалмайды, берік ірге қалыптасады. Жастар – ХХІ ғасырдағы Қазақстанның тұрақты дамуының кепілі болғандықтан, Нұрсұлтан Әбішұлының жыл сайынғы халыққа Жолдауын мұқият тындап, ұжымда талқылау мен үшін, дәстүрге айналған деп айта аламын. Себебі Елбасының әрбір сөзінде мән-мағына бар екендігі барлығымызға айқын дүние. «Ел ертені – тәрбиелі жастар мен білімді ұрпақтың қолында», сондықтан Елбасының салиқалы саясатының арқасында жастарға мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлініп, барлық қажетті жағдай жасалуда. Жастар жылы 2019 жылға ғана бекітілгенмен жастар саясаты, жастар ісі жыл сайын қыза түспек. Өйткені бұл бағдарлама кейінгі толқын үшін игі бастама болары хақ. Алдымыздағы жоспарларды іске асыруда қашанда Елбасы саясатының төңірегінде топтасып, еліміз үшін аянбай тер төгуде белсенділік танытып, үкілеген үмітіміздің жетістігіне марқаятын шаққа жетерміз және бүгінге дейінгі жасалған оңды істердің нәтижесіне үнілсек, солай бола-рына сеніміміз мол! Ойымды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мына бір сөзімен түйіндегім келеді: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа!».

Жуырда ҚМУ-де дәстүрлі «ИННОВА-2019» ғылыми-әдістемелік конференциясы өтті. Конференция жұмысы Қазақстандағы білім берудің заманауи мәселелері мен бәсекеге қабілетті маманның жаңа моделінің инновациялық көздерін талқылауға бағытталды. Конференцияға тек біздің университеттің ғана емес, сонымен қатар Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің және Н.Ф.Қатанов атындағы Хакас университетінің оқытушылары, докторанттары мен магистранттары қатысты. «Өзгермелі әлемдегі білім: жасыл дағдылар», «Жанарғылған білім беру жағдайындағы ЖОО-дағы инновациялық технологиялар», «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде экономикалық білім беруді жаңғырту», «Жаңа гуманитарлық білім «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» - осы және өзге де өзекті тақырыптар пленарлық отырыста талқыланды.

ИННОВА-2019



Сондай-ақ 3 секцияның жұмысында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық», «Қазақстанды цифрландыру: білім берудегі АТ-технологиялар», «Әдістемелік идеялардың On-line панорамасы» жобасы шеңберінде аударылған оқулықтарды білім беру процесіне енгізу туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар мамандарды дайындаудағы кептілді оқытудың құзыреттілік тәсілі мен Эразмус+ сияқты халықаралық бағдарламаларға қатысу арқылы жоғары білімнің әлуетін арттыру тәжірибесі өңгіме өзегіне айналды. Секциялар мен дөңгелек үстелдерде мазмұнды баяндамалар ұсынылды, конференцияға қатысушылар жұмысқа белсенді қатысты, түрліәдісте мелік жаңалықтарды зерттеуге, білім берудің өзекті мәселелерін талқылауға қызығушылық танытты. Конференцияда қаралған баяндамалардың электрондық жинағы жарияланатын болды.

Өлеңнің кені - ақылдың бегі

**Жамал ШӘУКЕНҚЫЗЫ,
ГӘФ Журналистика
мамандығының 4 курс
студенті**

Қазақтың маңдайына біткен шоқтығы биік тұлғалар аз емес. Солардың бірі де бірегейі, Тобыл топырағының талантты тумасы, Алаш жұртына аты мәшһүр – Ақылбек Шаяхмет. Бүгінде тау тұлғалы ағамыз - ақын, жазушы, публицист, драматург, көсемсөзші-журналист, Әлем халықтары жазушылары одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі сынды мәртебелі атақтарға ие. Қағазын жолдасына, қаламын сырласына балаған Ақылбек Қожаұлының шығармашылық жолда жүргеніне биыл 53 жыл толып отыр. Жақында қаламыздағы Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармония төрінде ағамыздың әдеби-сазды кеші өтті. Өзгеше форматта. Ақынның өзі айтқандай, шығармашылық кеш әдеттегідей мерейтойға орай емес, қалың оқырманның сұранысы бойынша ұйымдастырылды. Ағамыз кеш басында қолына микрофон алып, әуелі қызыл шұнақ аязға қарамастан жиналған

жыр сүйер қауымға шексіз ризашылығын білдірді. Артынша: **Жалғанға жалпақ жарығын таратқан Алла, Тіліме тәтті балды да жалатқан Алла, Құлына мына көз салшы, Жаратқан Алла, Аузыма жақсы сөз салшы, Жаратқан Алла!**», – деген жырымен сөзін жалғап, шығармашылығы мен сусындауға келген оқырмандарына көсіліп өлеңдерін оқыды. Әдеби кеш барысында қаламгерді облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов құттықтап, ол кісінің ел мүддесі жолында сіңірген еңбегін, өңірміздің өнбегіне қосқан айрықша үлесін атап өтті. Республикамыздың өзге де аймақтарынан арнайы келіп, ақынға ізгі тілектерін білдіріп, сый-сияпаттарын табыстағандар аз болмады. Мәселен, сонау Алматыдан ат терлетіп келген Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы қордың өкілі, «Қазақ» газетінің бөлім меңгерушісі Қали Қамбаров Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулеттің құттықтау хатын табыстады. Одан бөлек, Мемлекет және қоғам қайраткерлері Кенжебек Укин, Ысқақ

Есіргепов, белгілі ақын Жолбарыс Баязид ағалық ізгі тілектерін білдірсе, замандастары мен інілері – Бағытұр Дәндібаев, Қазақстанның Еңбек Ері Сайран Бұқанов, кәсіпкер Тұрсынбай Сәдуақасов Алматы облысының әкімі Амандық Батоловтың атынан шапан жауып, сый-тартуларын жасады. Одан бөлек, ерөн еңбегі үшін Таран және Қарабалық ауданы әкімдерінің алғыс хаттары да табысталды. Айтпа кетер ерекше жайт, кешті бастан-аяқ ақынның немерелері Бекзат Ақылбек пен Әмина Ақылбек жүргізді. Сондықтан болар жиналған қауымға айрықша әсер қалдырды. Кеште ақынның өлеңдерімен қатар, мәтініне жазылған әуезді әндері де шырқалып, өзгеше рең берді. **Бұлбұл құстың сайрағаны әдемі Қозы-лақтың ойпағаны әдемі Ақ боз атын ерттеп мініп атамның Қойды өріске айдағаны әдемі.** Бұл өлең жолдарын білмейтін адам кемде-кем шығар, Заттыбек Көпбосынұлын танытқан "әдемі" әнінің сөзі. Ал осы әсем әннің сөзін Ақылбек ағамыздың жазғанын біреу білсе, біреу білмес. Ақынның жырларына



жас балдырғандардың да қызығушылықтары басым. Ол белгілі де. Себебі, ағамыз балалармен жасөспірімдерге арналған 15 кітаптың авторы. Кеш барысында жас оқырмандар да қапы қалмады. Балабақшаның кішкене тәрбиеленушілері Ақылбек Қожаұлының жырларының үзіндісін жатқа оқып, аталарының ақ батасын алды. Жанына рухани азық алған жұртшылық әдеби-сазды кештің иесіне шексіз ризашылықтарын білдіріп, кимай-қимай тарқасып жатты. Екі сағат көлемінде өткізілгенмен, уақыттың аздық еткенін айтқандар да болды. Бұл ағамыздың шығармаларының жүректен-жүрекке жететіндігінің

бұлтартпас көрінісі емес пе. Кезінде Ғафу Қайырбек-овтың өзі: **“Білмеймін, бұл дүниеда ақын көп пе? Шығарған даңқыменен атын көпке. Қашанда, туган топырақ, сені іздемем, Ғажайып, кездесемін Ақылбекке. Рахмет, ақын бауырым, ұмытпаспын, Сенің де көкірегіңнен шығып тасқын, Ұмтылған кең далаға толқындарың Теңіз бол, сонда озіңмен иықтасын”**, – деп ақын шығармашылығына жоғары бағасын беріп кеткен. Ақылбек ағамыздың қай туындысын оқып көрсеніз де, түбінде бір

терең философиялық пайым жататындығын ұғынып, өмірдің тасада қалып жатқан көріністерін аңғарсаңыз. Өзінен де, сөзінен де өзеннің тұнығындай сабырдың, таусылмас қарапайымдылығын жарқын көрінісі байқалады. **Өлең менің бобегім, іште жатқан шемемім Тамырынан алады тіршілікке керегін Қызуымен денейің, жсалынымен өлеңің Жаурап жүртімді жылытайы деп едім,** – деп жырларымен халықтың жанын нұрға бөлеп жүрген қаламы қарымды қаламгер ағамызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілей отырып, әлі де жазар, айтар дүниелеріңіз көп болсын дегім келеді.

Ғылымға күштар зейінді студент

«Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл...»-деп жырлаған Шәкәрім Құдайбердіұлы. Уақыт өтіп, заман өзгерсе де бұл сөздің мәні өзгерген емес. Сондай талапты, білім мен өнер қуған жастар үшін 2010 жылдан бері ҚР-ның Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорынан шәкіртақы бөлінуде. Елімізде жыл сайын 80 студент Елбасы қорының стипендиясы атанады. Биыл да 80 грант бөлініп, оның 42-сі ғылым саласындағы мамандықтарға арналса, ал 38-ін өнер, спорт саласында білім алып жатқан үздіктер иемденген.

Қордың стипендиясы конкурсы өткізу нәтижесі бойынша тағайындалады. Өзіндік талаптары да бар. Үміткерлер кемінде екі курсты сәтті аяқтап, оқу үлгерімі бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болулары қажет. Университеттің шығармашылық, қоғамдық өміріне белсенді қатысып, ғылыми-зерттеу бағытында жетістіктерінің болуы шәкіртақы алу мүмкіндігін арттырады. Сол талаптарға сай келіп, үздік атанған студенттердің бірі – Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің ветеринария және мал шаруашылығы факультетінің 4-курс студенті Ұлан Зейн.

Білімге күштар Ұлан 1-курсан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, түрлі байқауларға қатысып келеді. Мысалы, 2015 жылы «История научного стиля» атты еңбегімен студенттер арасында өткен ғылыми жұмыстар конкурсында 1 орынды иеленген. Ал, 2016-2017 жылда-

ры «Национальная культура в условиях трехязычного образования» және «Обучение культуре страны изучаемого языка как основа успешной межкультурной коммуникации в будущем» еңбектерімен түрлі конференцияларға қатысқан және Ахмет Байтұрсынұлының 145 жылдығына орай ұйымдастырылған «Заманауи студенттік ғылымның өзекті мәселелері және шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында «Жаңа туғаннан кейін суық жағдайда үйшіктерде өсірілетін сүтті бағыттағы бұзаулардың өсіп-даму ерекшеліктері» зерттеу еңбегін қорғаған болатын.

Ғылымнан бөлек өзге елдердің мәдениетін танысып, оларды зерттегенді де Ұланның жаны сүйеді. Қостанай қаласындағы Қостанай-француз мәдени орталығында ұдайы өтетін шаралардың белсенді қатысушысы болып жүріп, француз тілін үйреніп алды. Одан басқа орыс, ағылшын, литва тілдерін де меңгерген.

Білімді жанына жақын еткен талапты студент 2017-2018 оқу жылының күзгі семестрінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша, ашық конкурс нәтижесінде жеңіп алған грант арқылы Литва Республикасының Каунас қаласындағы Александрас Стульгинскис университетінде білімін жетілдіріп қайтты. Оқып қана қоймай сол елдегі ҚР-ның консулдығында өткен мәдениет фестивалінде волонтерлік қызметтерде болды. Ұлан мұнымен тоқтап қалмақ емес, әлі



де білімін толықтырып, өзін-өзі дамытсам дейді. Талапты жастың болашаққа жоспары мен өзге де қырлары жайында білмек оймен Елбасы Қорының стипендиясын өңгімеге тарттым:

- Ұлан, сізді ҚР-ның Тұңғыш Президенті қорының стипендиясы атануыңызбен құттықтаймын! Бұл шәкіртақыны ұтып алуға тілек білдірушілер көп болды, бірақ жеңіске оза шапқандар жетті. Жалпы іріктеу қалай өтті? Өзіңізге сенімді болдыңыз ба?



- Рахмет! Негізі мінсіз кандидаттың сипаттамасы жоқ. Өйткені, үміткерлер әр қилы саладан, түрлі өңірлерден, ұлт өкілдерінен болғандықтан нақты ұтуға мүмкіндік беретін қасиеттер бар деп айта алмаймын. Барлық талапты студенттерге конкурста қатысып көріңіздер деймін. Мүмкіндікті пайдалану керек. Мен де толықтай сенімді болдым деп айта алмаймын. Бірақ күмәнмен қоса үміт те болды. Өйткені бұл мақсатқа жету жолында көп еңбектендім. Ал, еңбек – бәрін жеңбек!

- Биыл Литва елінде оқып келдіңіз. Шетел мен Қазақстанның оқу жүйесіндегі айырмашылықтар жөнінде не айта аласыз?

- Айырмашылықтар өте көп. Литвадағы университетте мұғалімдерді және оқитын пәндерді студенттер өздері таңдайды. Сабақ кестесін де білім алушылар оқытушымен

келісіп белгілейді. Көбіне теориялық материалдар үй тапсырмасы ретінде беріледі де сабақ үстінде тек практикалық жұмыстармен айналыстық. Мысалы, биотехнология пәнін өткен кезде лабораторияда талдаулар жасадық, зерттеулер жүргіздік. Ал, тамақ өнеркәсібі пәні бойынша тамақ өнеркәсібінің сапасын анықтайтын тәжірибелер жасадық, тамақ өндіретін мекемелерге де барып қайттық. Университеттің оқу базасы жаңа құрал-жабдықтармен қамтылған, әрі оларды пайдалануға шектеу қойылмайды. Сонысымен ыңғайлы.

- Ғылымнан бөлек тағы немен айналысаңыз? Қандай қызығушылықтарыңыз бар?

- Фотоға түсіру ісіне қызығушылық танытамын және бос уақытымда классикалық әдебиеттерді және политологиялық талдауларды оқығанды жаным сүйеді.

- Сүйікті авторыңыз бен шығармаңыз қандай? Замандастарыңызға қандай кітаптарды оқуға кеңес бересіз?

- Ұнатып оқитын жазушым – Федор Достоевский. Оның «Братья Карамазовы» туындысы көңілімнен шықты. Колумбиялық жазушы Габриэль Гарсиа Маркестің «Сто лет одиночества» кітабы өте қатты ұнайды. Осы шығармаларды студенттерге оқуға кеңес беремін. Бірақ әр кімнің талғамы әр түрлі. Дегенмен мамандыққа байланысты білімді тереңдетуге арналған, жеке тұлға ретінде дамуға көмектесетін кітаптарды оқу керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, компьютерлік машықты дамытуға, бірнеше істі бір мезетте атқаруға дағдыландыратын тайм менеджмент саласын меңгеруге кеңес берер едім. Өйткені, қазіргі кезде жұмыс іздеушілердің soft skills категориясы жоғары бағаға ие, жұмыс берушілер қызметтің жылдам, әрі сапалы орындалуына назар аударады.

- Болашаққа деген жоспарыңыз қандай?

- Магистратураға түсемін деген ойым бар, осы уақытқа дейінгі алған білімді толықтырғым келеді. Болашақта әлемді шарласам, ел көрсем, жер көрсем деймін.

- Арман-мақсаттарыңыз орындалсын деп тілеймін, болашақта сізді биік белестерден көрелік!

Сұхбаттасқан: Тұмарым БАБАСАНОВА,
ГӨФ Журналистика мамандығының 4 курс студенті

Үйлену – оңай, өй болу – қиын

**Жамал ҚАРАҒҰЛ,
ГӘФ Журналистика
мамандығының 4 курс
студенті**

Отбасы – әрбір қоғамның бастамасы. Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: «Отбасы – шағын мемлекет, мен – президент, сен – премьер», - дегені бар. Шынында да отбасыларды шағын мемлекетке теңеуге болады. «Әр елдің заны басқа, иттері қара қасқа» дегендей, әрбір отбасының жылдар бойы қалыптасатын өзіндік дәстүрлері болады. Жас отаудың түтіні түзу шығып, босағасы берік болуы көбіне ер жігіт пен қалыңдықтың өз үйінде алған тәрбиесіне, көрген өнегесіне байланысты. «Анасын көріп қызын ал» деген тәмсіл осыдан қалса керек.

Жиренше шешен хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап қунап жатып, өзінің киіз жабылған лашығына оралғанда, төрінің тарлығынан көсілгенде сирағы сыртқа шығып кетсе де: «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», - деп рахаттанған көрінеді. Шын мәнінде, бұл күндері тар да болса, өз пәтерім болса ғой деп армандайтынның қатары көп. Әрине, кей отбасылардың алаңсыз күй кешуіне жекеменшік баспанасының жоқтығы кедергі. Бәрі де айналып келіп ақшаға тіреледі.

Көп жағдайда жас отбасылардың ажырасуына, үйде ұрыс-керістің шығуына осы мәселе себепкер болып жатады.

Жанжал жайлаған отбасында қайдан береке болсын?! Онда өскен бала қандай тәлім-тәрбие алмақ? Бұл бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. «Бір күн ұрысканның қырық күнгі нәсібесі қырықлады» деген мақал осы сөзіміздің айқын дәлелі іспетті. 2016 жылғы статистикалық деректерге сүйенер болсақ, Қазақстанда жылына 144 мың жас отау тігіліп, соның 53 мыңы ажырасып кеткен көрінеді. Бүгінде бұл көрсеткіш өкінішке орай, артты.

Расымен де, қазіргі заман не болып барады десеніңші? Бұрынғыдай емес, азық-түлік, тұрмыстық бұйымдардың түр-түрін дүкен сөрелерінен таба аласыз. Алайда, оларды қажетіне жаратайын десе, халықтың көпшілігінде қаражат жоқ. Алған жалақысы пәтер ақысын, одан қалды, несие мен төлеуге кетеді.

Үйлену оңай әрине. Екі жақтың ата-анасы несие алса да, әйтеуір балам қатарынан қалмасын деп дүркіретіп, ұлан-асыр той жасайды. Бірақ, ертенгі күні олардың көңілдері жарасып, үй болып кете ме, міне мәселе! Болмаса, ойына келген сылтауларын айтып, "жараспадық" деп жолдарын қарс айыра салады. Ал әкесі мен анасы ше? Бірнеше жылға мойнына жүк болып артылған



несие мен төлеумен әлек болатыны белгілі.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) бір хадисінде: «Әйел еркектің қабырғасынан жаратылған. Егер қисыққа бырғаны түзетем десен, сындырыпала сын. Сондықтан оны мен ұғынысып өмір сүр, сонда бірге тұра аласың», - делінген. Алайда, ашуға мініп, аузынан ақ ит кіргізіп, көк ит шығаратын, «ә» десе, «мә» дейтін әйелдер көбейіп барады. Одан қалды күйеуінің құлақ етін жеп, әр нәрсені бетіне баса беретіндер де бар.

Осы және өзге де себептерден әйел адам мен кінәсіз бүлдіршіндер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып жатады.

Халқымызда «Ел боламын десен, бесіңді түзе» деген нақыл сөз бар. Бала 11-12 жасқа келгенде өзін қоршаған ортаға байсалды түрде қарап, әрбір орын алған жағдайға өзінше қорытынды жасауға тырысады. Жанындағыларға, әкешесінің әрекеттеріне, айтқан сөздеріне сыни көзбен қарап, оларға еліктей бастайды. Ал,

ұрыс-керіс, одан қалды тіпті бір-біріне қол көтеру жағдайлары жиілеген отбасында өскен бала қандай болмақ. Сол сұмдықты көріп өскен, мен өскенде әкемнің жасағанын қайталамаймын деп жүріп, болашақта тура сондай адам болып кетпесіне кім кепіл? Отбасының ұйытқысы да, берекесі де әйел деп, ата-бабамыз ананың орнын жоғары бағалаған. Ал сол аяулы жанның өз еріне, яғни күйеуіне деген қарым-қатынасы балаларының әкесіне де-

ген көзқарасын сипаттайтыны белгілі. Ерлі-зайыптылар балаларының көзінше бір-біріне қол көтермек түгілі, дауыстарын да көтермей, сыйласып өмір сүрсе, сол отбасында тәлім-тәрбие алған бала ата-ананың қадірін, бауырлардың өміріндегі орнын анық түсініп өседі. Одан бөлек үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, бойына адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық сынды қасиеттерді сіңіреді.

Өз ойым

Әйел бейнесі

**Айгерім ШАЯХМЕТОВА,
ГӘФ Журналистика
мамандығының 3 курс
студенті**

**Ақмандайы жалтылдап,
Танадай көзі жаркылдап,
Алтын шашбау шашында.
Қыз Жібектің шаштары
Қоғалы көлдің құрағы.**

Бұл өлең жолдарында нағыз қазақ қызының бейнесі сомдалған. Ешбір боямсыз, келісті келбетімен жер жаһанға таралған сұлулығымен ерекшеленеді. Аяулы ана мен асыл жар бейнесі де осы жерде тоғысады.

Ер жігітіміз айбарлы, қайратты болса, ал қыздарымыз қылықты мінезімен тамсандыратын. Қыз Жібек, Бопай ханша, Қабанбайдың асыл жары Гаухар, жыр алыбы Абайдың әжесі Зере, батыр да қайсарлы Хиуаз Доспанова, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, өнерімен көпшілікке танымал болған Күләш Бәйсейітова, Шара Жиенқұлова, Меруерт Өтекешева сияқты қазақтың асыл қыздарының бейнесін айтсаңшы! Елі мен жері үшін жанын аямай, өзіндік деңгейде мойындата білген тұлғалар. Бүгінгі қыз-жігіттердің бейнесін

суреттейтін болсақ, бабаларымыз қолданған тенеулерді біз қолдана алмаймыз. Заман өзгерді дейміз. Жоқ, өзіміз өзгердік. Біз қандай ұлт екенімізді ақырындап ұмытуға айналған сынайлымыз. Шын бейнеміздің жарқын үлгісін насихаттау түгілі, көрмейтін болдық. Не себеп? Телеарнадағы бағдарламалар ұлттық рухты насихаттамайды десек те болады, тек рейтинг үшін қолайлы хабарлар түсіреді. Арзанқол әзіл мен жарнамадан көз ашпайтын болдық. Әзіл демекші, қазіргі таңда телеарналарда ер адамдардың әйел образын сомдауы көбірек көрермен жинайды екен. Кейбір ер азаматтар әйел образын сомдауға құмар-ақ және оны керемет өнерге санайды да, жұртты тамсандырып жүрміз деп ойлайды. Соңғы кезде бұл көрініс белең алып кетті десек, ешкім теріске шығармас. Бүгінгі жастарға ұнайтын образдардың басында Күлпәш пен Сабина келіннің образдары тұр. Одан қалды Шүмән апамыз да бар. Бұл қайдан келген құбылыс? Айтарым сол, көршіден көрген ермек. Орыстың Матрена мен Клавдиясы үлгі болған сынайлы. Қазақтың сана-сезімі өте терең, мағыналы



құндылықтарға толы. Олар мына әлемнің заңдылығын сонау бағзы заманда салып кеткен. Ерін сыйлаған әйел образын әспеттеген. Енді қазір көрермен көңілінен шығамыз деп өз дәрежемізді түсіріп жатқан жай бар. Ұлттық арнаның өзінен осындай дүниені көріп өскен ұлт болашағының жағдайы қандай? Айта берсек салдары көп. Біріншіден тек қазақ

ұлтына тән асыл қасиеттер көнеріп, көзден ғайып болар алдында тұр. Ол дегеніміз жан дүниеміздің рухани байлығына бұғау салумен тең. Екіншіден қоғам ішінде әйелдердің сұрықсыз, өсекші, екіжүзді бейнесі қалыптасады. Бұл әйел адамдарға деген құрметтің төмендеуіне әкеліп соқтырады деп ойлаймын. Мұның түбі қарындасын, анасын, жарын бағаламайтын сұрқиялыққа

әкеледі және өмірлік көзқарасы қалыптаспаған бозбалалардың бойында әйел образына еруге деген қызығушылықты тудыруы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда ұлт қасиетіне тап боламыз. Сондықтан халықтың жаршысы, көзі мен құлағы болған бұқаралық ақпарат құралдарының ұстанымы өзгерсе игі, ұлттық рухты тәрбиелеуге ат салысса игі!

Зимние каникулы с пользой

Алина СЕЙДАХМЕТОВА,
студентка 2 курса ГСФ
специальность «журналистика»

Каникулы – святое слово для каждого студента. Конечно, с летними ничто не сравнится, но и зимние не зря придумали. Отдохнуть в самом разгаре учебного года – бесценно.

После того, как закончилась сессия, все экзамены и зачеты сданы, наступает долгожданный момент, когда можно заняться любимыми делами, отдохнуть или решить накопившиеся проблемы. Однако, большее количество свободного времени приводит к тому, что студент не знает, что с ним делать и зачастую проводит его без особой пользы для себя. Как провести каникулы с пользой, чтобы они запомнились на долгое время? Вариантов множество, каждый студент выберет себе подходящий. Самое первое правило – интернет, компьютерные игры и телевизор отменяются! Каникулы нужно провести со своей семьей или друзьями. В зависимости от того, какого результата вы хотите добиться, можно выделить следующие способы проведения свободного времени:

1. Зима - это снег, а снег - это лыжи! Оденьтесь потеплее, соберите друзей или семью, и отправляйтесь на лыжную прогулку по заснеженному парку. Если недалеко от вас есть лес, он с лихвой заменит людной парк, а создание лыжных дорожек собственными силами создаст ощущение того, что именно вы являетесь первопроходцами, открывшими сезон зимы и лыжных прогулок в этом году. Если у вас нет лыж, возьмите их у друзей или соседей. Также можно их

нет, съездите в деревню к бабушке. Там вы можете получить незабываемые ощущения, катаясь на банане со снегоходом, слепите самую красивую снежную бабу, просто побродите по заснеженным тихим деревенским улочкам, покатайтесь на санках, а еще лучше покатайте своих младших братьев и сестричек. Все эти удовольствия можно получить совершенно бесплатно, насладиться тишиной, отдохнуть от городской суеты и просто надышаться кислородом.

3. Классическим видом зимних забав являются не только лыжи, но и коньки. Этой зимой в Костанайе работают как бесплатные, так и платные катки. Покататься на коньках совершенно бесплатно можно во дворах некоторых многоэтажек по улицам Карбышева и Аль-Фараби, 8 мкрн, напротив детской деревни семейного типа «Жануя» и на набережной по улице Гашека. Но на эти катки нужно приходиться со своими коньками, пункты проката здесь отсутствуют.

Из платных самый дорогой – «Ледовый дворец», каток на ГАИ, также в центре города находится каток возле ЦУМа. Мне кажется, что каждая уважающая себя девушка тоже должна овладеть навыками катания на коньках. Это же так красиво! Могу похвастать-



любиминг на прокат за отдельную цену.

5. Пикник можно провести не только летом. Каждый студент должен забыть об установленных стереотипах! Устроить вместе с друзьями шашлыки можно прямо на снегу. Благодаря такому развлечению вы точно не замерзнете, кроме того

экспресс-курс по иностранному языку, если есть финансовая возможность – поучитесь в школе иностранного языка онлайн, что поможет повысить уровень знания языка. Займитесь самообразованием – подтяните пробелы в учебе по вашей специальности, научитесь пользоваться какой-нибудь графикой, выучите новый язык программирования. Кроме того, вы можете посещать любые хобби-курсы, например – научитесь шить, делать макияж, танцевать хатл и т.д. Я пока посещаю курсы иностранного языка, но надеюсь что это только начало.

7. Для тех, кто хочет культурно провести время, можно посетить театры, кино и музеи. Загляните в Костанайский областной казахский театр драмы им. И. Омарова, Областной русский драматический театр, Костанайский театр кукол. А если вместо живой игры актеров вас больше привлекают яркие спецэффекты, интересные кадры, неожиданные ракурсы, добро пожаловать в кинотеатры. Свою копилку кинопросмотров пополнила семейным фильмом «Гринч».

8. Постарайтесь на каникулах заработать денег: оптимальным вариантом будет работа стажером, младшим помощником по вашей будущей специальности – таким образом вы проведете время не только с пользой для кошелька, но и приобретете бесценный опыт, который пригодится вам в будущем. Если устроиться по специальности не вышло, ничего страшного, попробуйте подработать на промо-акциях, в летних кафе, интернет-клубах, супермаркетах, заводах – в таких местах широко распространена практика найма студентов на небольшой срок, вы заведете новые знакомства, освоите трудовую дисциплину.

9. Займитесь спортом – если во время учебы, сессии, студенческие дела мешали вам дойти наконец до спортзала, то на каникулах у вас много свободного времени для того, чтобы привести свое тело в порядок.

10. Путешествие — отличный способ набраться новых впечатлений, но к сожалению на всем по карману. Поэтому в свои каникулы я отправилась в деревню. Ведь окунуться в детство, провести время со своими близкими, отвлечься от городской суеты – по моему это самый хороший способ отдохнуть от будничных дней.

А вы как провели свои каникулы, расскажите нам об этом, и мы поделимся вашими историями с нашими читателями.



взять напрокат в специальных палатках. Единственная накатанная лыжня в черте Костаная – в районе КСК и по ул. Гашека, принадлежит ДЮСШ № 3. Пускают на нее бесплатно, но только со своими лыжами. К счастью, в эту зиму мне удалось встать на лыжи, правда всего один раз, но этого было достаточно, чтобы получить массу положительных эмоций.

2. Развлечения можно найти и на базах отдыха, но если этой возможности

нет, съездите в деревню к бабушке.

4. Студенчество – возраст, когда человека нельзя назвать ребенком, но и нельзя сказать, что он совсем взрослый. Именно поэтому в этот период жизни свойственно совершать, отчасти детские поступки, которые приносят радость и веселье. Одним из таких является катание с горки. В Костанайе самая главная горка находится возле КГУ, так же есть в Сити центре, Костанай Плазе и Астыкжане. Можно взять

сможете вспомнить летние шашлыки и насладиться его неповторимым ароматом. Только захватите горячий чай, чтобы согреться, и одевайтесь в теплую одежду – простуду еще никто не отменял.

6. Занять себя полезным делом можно и дома. Уделите время саморазвитию, почитайте книгу, посмотрите научный фильм. Время каникул можно провести с пользой для учебы: запишитесь на

«БІЛІМ ЖАРЫСЫ»

МЕНШІК ИЕСІ: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 47. Тел. 511167

Шығарушы редактор А.Өстемірова

Беттеген Әйгерім Шахметова
Бас маман Арайлым Сарбасова

Немірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері

«Бұланды» ҚҚ баспаханасында басылды.
Көкшетау қ. Әуелбеков көшесі, 98
8-7162-25-14-90, 25-62-12
Заказ № Тираж 700 экз.
Объем 2 печатных листа
Айына 1 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген